

**8D03203 – Халықаралық журналистика білім беру бағдарламасы
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған**

Муса Назерке Молжанқызының

**«Этносаралық ортадағы әлеуметтік қақтығыстардың БАҚ-тағы
көрінісі: Қазақстандағы мысал негізінде»**

**докторлық диссертациясына
ғылыми кеңесшінің пікірі**

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі

Зерттеудің өзектілігі қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында ерекше мәнге ие. Қазіргі таңда бұқаралық ақпарат құралдары қоғамдық пікір қалыптастырудың негізгі арналарының бірі болып отыр, сондықтан әлеуметтік қақтығыстардың қалай және қандай контексте берілетіні маңызды мәселеге айналды.

Қазақстан – көпұлтты, көпконфессиялық мемлекет ретіндегі ерекшелігі бар ел болғандықтан, этникааралық қарым-қатынастар, әлеуметтік теңсіздік және саяси наразылықтар сияқты өзекті мәселелер үнемі өзекті. Мұндай жағдайларда әлеуметтік қақтығыстарды БАҚ-та дәл және объективті түрде көрсету қоғамдағы шиеленістерін төмендетіп, өзара түсіністік пен үйлесімділікті нығайтуға септігін тигізеді. Сонымен қатар, біржақты немесе бұрмаланған ақпараттың таралуы жағдайдың ушығуына және жалған ақпараттың таралуына әкеп соғуы мүмкін.

Аталған зерттеу Қазақстандағы әлеуметтік қақтығыстарды бұқаралық ақпарат құралдары қалай көтеретінін, журналистердің осы процесте қандай этикалық мәселелер мен редакциялық стратегияларды қолданатынын анықтауға бағытталған. Зерттеу журналистикадағы кәсіби әдістер мен моральдық құндылықтарды терең талдап, қоғамның тұрақтылығы мен бейбітшілігін қамтамасыз етуге ықпал ететін факторларды ашып көрсетеді.

Осылайша, әлеуметтік қақтығыстарды БАҚ-та көрсету мәселесін жан-жақты зерттеу Қазақстан қоғамында ақпараттық тұрақтылық пен өзара түсіністікке қол жеткізу жолында маңызды ғылыми және практикалық маңызға ие.

2. Диссертацияларға қойылатын талаптар шеңберіндегі ғылыми нәтижелер

Зерттеу барысында автор қақтығыстарды БАҚ-та жариялау мәселелеріне терең және жан-жақты талдау жасап, құнды ғылыми нәтижелер ұсынды. Диссертация қорытындылары қақтығыс динамикасына медианың әсерін зерттеуге және журналистердің қақтығыс жағдайларында кәсіби тәжірибесіне қатысты ұсыныстар әзірлеу бойынша қойылған міндеттерді орындауға негізделген.

Ғылыми нәтижелер журналистиканың қоғамдағы рөлі мен қақтығыс тақырыбындағы материалдардың өзара әрекетін зерттеуге бірегей әдіс-

тәсілді ұсына отырып, кәсіби этика мен объективтілікті сақтау қажеттілігіне баса назар аудартуға бағытталған. Автор медианың рөлін тек ақпарат тарату құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар қақтығыстарды ушықтыруға немесе шешуге ықпал ететін негізгі фактор ретінде қарастырады.

Зерттеудің негізгі жетістіктері:

- Автор қақтығыс орнынан хабар тарататын журналистермен жүргізген сұхбат нәтижелерін ұсынады. Сұхбат негізінде журналистер кезігетін кедергілер мен журналистиканың негізгі принципі объективтілікке қатысты жан-жақты көзқарастар талданады.
- Қақтығыс жағдайындағы кәсіби этиканы талдау. Автор тіл мен терминологияның рөліне егжей-тегжейлі тоқталып, олардың қоғамдық қабылдау мен жағдайдың дамуына әсерін көрсетеді.
- Әлеуметтік желілерде жұмыс істеу ерекшеліктерін анықтау. Зерттеуде Телеграм арналары қақтығыс туралы жедел ақпарат таратудағы негізгі құралдың бірі ретінде талданған.
- Осы диссертация аясында журналистика студенттері мен мамандарына арналған нұсқаулық әзірленді. Нұсқаулықта әлеуметтік қақтығыстарды этикалық тұрғыдан жариялаудың ерекшеліктері, ақпарат көздерімен жұмыс істеу, зардап шеккендермен байланыс орнату, сондай-ақ журналист қауіпсіздігі сияқты маңызды тақырыптар қарастырылды. Бұл құжат журналистерге кәсіби дағдыларын жетілдіруге, қақтығыстарды дұрыс және жауапкершілікпен көрсетуге көмектесетін негізгі бағыттарды ұсынады.

3. Диссертацияда ұсынылған әрбір ғылыми нәтиженің (ереженің), қорытындылар мен тұжырымдардың негізділігі мен шынайылық деңгейі

Диссертацияда ұсынылған қорытындылар мен ғылыми нәтижелер жеткілікті эмпирикалық деректерге негізделген. Автор зерттеудің әртүрлі әдістерін (фреймингтік талдау, контент-талдау, тереңдетілген сұхбат және т.б.) толықтай пайдаланады, бұл қорытындыларды шынайы және нақты мысалдармен толықтырады. Жұмыстағы әрбір ғылыми нәтиже теориялық негіздермен қатар эмпирикалық деректермен де расталған, бұл оның жоғары шынайылық деңгейін қамтамасыз етеді.

Журналистикадағы қақтығыс теориясын Қазақстандық тәжірибеде қолдануды жақсарту жолдары ұсынылады. Әсіресе, әлеуметтік және этникалық келіспеушіліктерді шешуге ықпал ететін концепцияларды қалыптастыруға баса назар аудару қажет. Сонымен қатар, сарапшылардың

пікірлерін ескере отырып, редакциялар үшін практикалық ұсыныстар ретінде нұсқаулық жасалды. Бұл әсіресе медиатехнологияларды қолдану және көпұлтты аудиториямен жұмыс істеу тәсілдеріне байланысты.

4. Жұмыстың ғылыми жаңашылдығы

Жұмыстың жаңашылдығы Қазақстандағы бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік бақылау мен редакциялық талаптардың қақтығыс тақырыбын жариялауға ықпалын жан-жақты талдаудан көрінеді. Алғаш рет дәстүрлі БАҚ пен Telegram сияқты әлеуметтік платформалардың қақтығыстарды көрсетуі мен олардың қоғам санасына әсері қарастырылды. Бұл зерттеу медиаконтент теориясына маңызды үлес қосып, әлеуметтік-саяси трансформация жағдайындағы Қазақстан медиасының даму динамикасын тереңірек бағалауға мүмкіндік береді.

Зерттеу Қазақстан медиа саласының қазіргі даму үрдістеріне жаңаша көзқарас қалыптастырып, әлеуметтік және саяси өзгерістер жағдайында ақпараттық кеңістіктің динамикасын тереңірек талдауға бағытталған. Сонымен қатар, бұл зерттеу аясында әртүрлі елдердің, оның ішінде Қазақстан мен шетелдік ақпарат көздерінің сенімділігі мен олардың қоғамға әсер ету деңгейі де қарастырылады. Ақпараттың сапасы мен дәлдігі, ресми мәлімдемелер мен азаматтық дереккөздер арасындағы баланс – бұл зерттеу жұмысының маңызды аспектілерін құрайды.

5. Алынған нәтижелердің ішкі үйлесімділігін бағалау

Зерттеу барысында алынған нәтижелердің ішкі үйлесімділігі жоғары деңгейде сақталған. Жұмыста қақтығыстарды жариялау механизмдері, медиа құралдарына мемлекеттік бақылау мен редакциялық талаптардың әсері, сондай-ақ түрлі медиа платформалардың қақтығыстарды көрсету ерекшеліктері біртұтас жүйе ретінде қарастырылған. Қақтығыстар барысында ақпарат таратуға көбірек пайдаланылған дереккөздер зерттеліп, олардың сенімділігі, толықтығы және қоғамдық пікір қалыптасуына әсері бағаланды.

6. Алынған нәтижелердің өзекті мәселелерді, теориялық немесе қолданбалы міндеттерді шешуге бағытталғаны

Жұмыстың нәтижелері медиакеңістіктегі процестерді теориялық тұрғыдан түсінуге және журналистика саласында практикалық қолдануға бағытталған. Автордың зерттеуі Қазақстан журналистерінің қақтығыс тақырыбын жариялау кезінде кездесетін қиындықтарды қалай жеңуге болатынын және цензура мен шектеулер жағдайында олардың жұмысына қандай практикалық ұсыныстар пайдалы екенін жақсырақ түсінуге көмектеседі. Жұмыс зерттеуші-журналистерге де, практик-журналистерге

қызығушылық танытқан жоғары оқу орындарына, БАҚ редакцияларына, цифрлық порталдарға және қоғамдық қорларға пайдалы болуы мүмкін.

7. Диссертацияның негізгі ережелері, нәтижелері, қорытындылары мен тұжырымдарының жариялануының толықтығын растау

Диссертацияның негізгі ережелері ғылыми журналдарда жарияланып, ғылыми конференцияларда баяндалған. «Framing conflict in Kazakhstan: a comparative analysis of Kazakh, Russian, and U.K. news outlets» атты ғылыми мақала 2024 жылы «Media Asia» журналында жарық көрді. Бұл журнал Scopus ғылыми базасына енген, процентиі 43.

8. Диссертация мазмұны мен рәсімдеуіндегі кемшіліктер

Диссертацияға оң баға бере отырып, қақтығыс тақырыбын жариялаудағы кейбір халықаралық тәжірибеге жүгіну қажеттілігін атап өтуге болады. Бұл зерттеу ауқымын кеңейтуге және салыстырмалы талдауды жан-жақты қарастыруға мүмкіндік береді.

9. Диссертацияның қойылатын талаптарға сәйкестігі

Муса Назеркенің «Этносаралық ортадағы әлеуметтік қақтығыстардың БАҚ-тағы көрінісі: Қазақстандағы мысал негізінде» атты диссертациясы 8D03203 - Халықаралық журналистика білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған, жеткілікті жоғары теориялық және аналитикалық деңгейде орындалған, ғылыми зерттеулерге қойылатын талаптарға сай келеді және журналистика мен ақпарат саласына қосар өзіндік үлесі бар.

Диссертациялық жұмыс кейбір ескертулер мен ұсыныстарды ескере отырып, 8D03203 - Халықаралық журналистика білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылады.

Ғылыми кеңесші

Қ.Н. Мысаева

